

## БӨЛІМ: ҚАЗАҚ ТІЛІ

## Тіл тағдыры

ЖАРИЯЛАНДЫ  
11.11.2020СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/84752/>

Касимова Баян

Тіл тағдыры-ел тағдырына айналып отырған қазіргі қазақ тілінің кінәратты жағдайында оқушы бойында мемлекттік тілге деген сүйіспеншілікті қалыптастыруға, қазақ тілі арқылы жасалған ойдың кестелі өрнектеріне үңіліп, ауызша, жазбаша сөздік қорларын молайтуға, шығармашылық қабілетін дамытуға, пәнге деген қызығушылығын арттырып, білім сапасын тереңдетіп, мемлекеттік тіліміздің қолдану аясын кеңейтуге, Тіл туралы заңды жүзеге асыруға барынша қолғабыс ету-әрбір қазақ тілі пәні мұғалімінің міндеті болуға тиіс. Ал қоғамымыздағы мұ, алім алдында тұрған міндет-сапалы білімді, саналы тәрбиелі, экономикалық олауы дамыған, жалпы адамзаттық құндылықты меңгеруде шығармашылық, іскерлік пен дағдысы қалыптасқан, жан-жақты мәдениетті жеке тұлғаны қалыптастыру екені сіздер мен бізге белгілі.

Жоғарыда айтылғандарды ескере келсек, қазақ тілін оқытуға қойылатын талап -тілектердің бүгінгі күнде жаңарып отырғанын аңғарамыз.

Ұлт мектебінде қазақ тілін үйрететін ұстаз үшін басты мақсат -өзге ұлттың баласын мемлекеттік тілде сөйлету. Қазақ сөзінің құдіреттілігін, сырын сезіндіру, тіл үйренуге ынталандыру. Шәкірт

талабын шыңдау қазақ тілі мен әдебиеті мұғаліміне үлкен жауапкершілік жүктейтіні рас.

Осы жауапкершілікті іске асыру үшін барлығымыз да алдымызға өз міндеттерімізді қойып,оны шешуге тырысамыз,түрлі әдіс-тәсілдерді ,жаңа технологияларды қолданамыз.

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.